

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қоғамдық жұмыстарды үйімдастыру мен қаржыландыру тәртібін атқару туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Индер аудандық әкімиятының 2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 259 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаменті Индер ауданының әділет басқармасында 2009 жылғы 6 ақпанда N 4-6-76 тіркелді. Күші жойылды - Индер ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 26 ақпандағы N 38 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Индер ауданы әкімдігінің 2010.02.26 N 38 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 148-II "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабы 1 тармағы 3, 13, 14 тармақшаларын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы N 149 "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын басшылыққа ала отырып, аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қоғамдық жұмыстарды үйімдастыру мен қаржыландыруды реттеу мақсатында аудан әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне (К. Иманғалиев) қоғамдық жұмыстарды үйімдастыру мен қаржыландыруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысына сәйкес жүргізу міндеттелсін.

2. Қосымшаларға сәйкес:

ақылы қоғамдық жұмыстардың түрлері (1 қосымша);
қоғамдық жұмыстарды беруші үйімдардың тізбесі (2 қосымша);
қоғамдық жұмыстың нақты шарттары (3 қосымша);
ақылы қоғамдық жұмыста жүрген бір жұмыссыз адамның еңбек
ақысының есебі (4 қосымша) бекітілсін.

3. Аудандық әкімияттың 2007 жылғы 21 желтоқсандағы N 287 "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қоғамдық жұмыстарды үйімдастыру мен қаржыландыру тәртібін атқару туралы" (мемлекеттік тіркеу N 4-6-63 "Дендер" N 3 /7634/ газетінде 2008 жылдың 18 қаңтарында жарияланған), 2008 жылғы 26 ақпандағы N 51 "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қоғамдық жұмыстарды үйімдастыру мен қаржыландыру тәртібін атқару туралы N 287 қаулысына толықтыру енгізу туралы" (мемлекеттік тіркеу N 4-6-67 "Дендер" 15 /7646/ газетінде 2008 жылдың 11 сәуірінде жарияланған), аудандық әкімияттың 2008

жылғы 15 сәуірдегі N 76 "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру тәртібін атқару туралы N 287 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" (мемлекеттік тіркеу 4-6-68 "Дендер" N 19 /7650/ газетінде 2008 жылдың 8 мамырында жарияланған) қаулыларының күші жойылсын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д. Мендігеревке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Нәутиев

Аудан әкімиятының

2008 жылғы 29 желтоқсандағы

N 259 қаулысына 1 қосымша

Ақылды қоғамдық жұмыстардың түрлері

N	Жұмыс түрлерінің атауы	Ең төмен жалақы есебімен алғандағы жұмыссыздардың еңбекақысы
1	Кұрылыш және жол жөндеу, су, газ, құбырларын жөндеуге қатысу	1,0
2	Кұрылышқа қатысу және тұрғын үй, әлеуметтік мәдени маңызы бар объектілерді күрделі жөндеуден өткізуге қатысу	1,0
3	Аймақтарды экологиялық сауықтыру (көгалданыру және көркейту)	1,0
4	Тұрғын үй шаруашылықтарына қаланы, елді мекендерді, өндірістік мекемелерді тазалық жұмыстарына көмектесу	1,0
5	Суару жұмыстары	1,0
6	Тарихи-архитектуралық қорықтарды қалпына келтіру	1,0
7	Мәдени шараларды өткізуге көмектесу (спортық жарыстар)	1,0
8	Респубикалық және аймақтық санак жұмыстарына қатысу	1,0
9	Қысқа маусымдық жұмыстар: малды семірту, өсіру, шөп дайындау, құс өсіруге қатысу	1,0
10	Тағы басқа жұмыс түрлері, соның ішінде: Мәдени қызметкерлер Агенттер Шабармандық жұмыстар Электронды есептегіш машинасының операторы Еден жүушылар Іс жүргізуши Газет таратушылар Әскери комиссариатта санак жүргізу жұмыстары	1,0

	Арнайы педагогикалық білімі бар жұмыссыздарға арналған:	
11	1. мектепте оқушы балаларға арналған қолөнер, би, ән, домбыра үйірмелерін үйымдастыру	1,0
	2. кітапханада ескі кітаптарға өндеу жүргізу	
	3. оқушы балаларға кітапханада жұмыс жасауға үйрету	
	4. гараждер орта киім күтү	
	5. сабағы нашар балалармен жұмыс жасауға	
	6. мектеп жанынан ұзартылған топ үйымдастыру	
	7. бала-бақшасындағы тәрбиешіге көмектесу	
	Медициналық білімі бар жұмыссыздарға арналған:	
12	1. Десаулығына байланысты есепте тұрған азаматтарға, әсіресе жалғызбасты адамдардың денсаулығына қадағалау жүргізу	1,0
	2. Емхана жанындағы участекелік мейірбикелік көмек	
	3. көрсету, маусымдық инфекциялық аурулардың өршіген кезінде (тұмау, іш ауру, сүзек, т.б) үй-үйді аралап, медициналық көмектер көрсету, аурудан сақтанудың профилактикалық ақпараттық жұмыстарын жүргізу	
	4. Ауруханаларда санитарлық жұмыстарға қатысу	
	5. Ауданнан алыста тұратын елді мекендерде медициналық бөлім жанынан үйден егу, дәрі беру	
	6. Үлкен жағдайларда жұмыстардың жұмыс түрлері:	
	1. Санақ жұмыстары, мал санағын жүргізу, профилактикалық инфекциялық мал ауруларына қарсы егу жұмыстары	
13	2. Жалғызбасты қарттарға отын түсіру, мал азығын дайындауға көмектесу, шөп шабу	1,0
	3. Селолық пошта бөлімшесіне көмек	
	4. Тас басу	
	5. Участекелік комиссиялардың мүшелеріне қосымша адамдар қосып, жұмысын жандандыру	
	6. Ұлы Отан соғысының ардагерлерінің үйлеріне жөндеу жұмыстарын жүргізу	

Аудан әкімиятының

2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 259

қаулысына 2 қосымша

Қоғамдық жұмыстарды беруші үйымдардың тізбесі

- Индербор поселкелік округі әкімінің аппараты
- Бөдене ауылдық округі әкімінің аппараты
- Жарсугат ауылдық округі әкімінің аппараты
- Көктогай селолық округі әкімінің аппараты
- Өрлік селолық округі әкімінің аппараты
- Есбол селолық округі әкімінің аппараты
- Елтай селолық округі әкімінің аппараты
- "Индер-водоканал" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
- Аудан әкімінің аппараты
- Аудандық мәслихат аппараты

11.	Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі			
12.	М.Әуезов	атындағы	орта	мектеп
13.	Ш.Уәлиханов	атындағы	орта	мектеп
14.	С.Сейфуллин	атындағы	орта	мектеп
15.	"Көктем"	қазақ	орта	мектебі
16.	Аудандық	қаржы		бөлімі
17.	"Келбет"	жауапкершілігі	шектеулі	серіктестігі
18.	Тілек білдірген жұмыс беруші шағын орта кәсіпкерлік субъектілері, басқа да ұйымдар, қоғамдық бірлестіктер			

Аудан әкімиятының

2008 жылғы 29 желтоқсандағы N 259

қаулысына З қосымша

Қоғамдық жұмыстың нақты шарттары

1. Жергілікті атқаруышы органдар ұйымдастырытын, қызметкерлердің алдын ала кәсіби даярлығын талап етпейтін, әлеуметтік пайдалы бағыты бар және азаматтарды уақытша жұмыспен қамтамасыз ету үшін жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті органдардың жолдамасымен азаматтар орындайтын еңбек қызметінің түрлері қоғамдық жұмыстар деп түсініледі.

2. Ақылы қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыздарға Қазақстан Республикасының еңбек зейнетақымен қамсыздандыру және сақтандыру туралы заңнамалық кесімдерді қолданылады.

3. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға олардың келісімімен жібереді.

4. Жергілікті атқаруышы органдар аймақтық қажеттілігін ескере отырып, қоғамдық жұмыстарға сұраныс пен ұсынысты анықтайды. Қоғамдық жұмыстарды жергілікті атқаруышы орган ұйымдастырады және жергілікті бюджеттер қаржыларынан олардың өтінімдері бойынша қаржыландырылады.

5. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органдар жұмыс берушілермен 1 айдан 6 айға дейін мерзімге қоғамдық жұмысты ұйымдастыруға келісім–шарт жасасады. Кейбір жағдайларда, жұмыссыздық әлеуметтік жағдайын ескере отырып, 1 жылға дейін ұзартуға болады.

6. Қоғамдық жұмыстар уақытша жұмыс орындарын ашу жолымен ұйымдастырылады және оның мынадай ерекшеліктері болады:

1) жұмыссыздарға әдейі арналған;

2) жұмыс орындарының саны іс жүзінде шектелмейді, жұмыс уақытша сипатта болады және оларды ұйымдастыру үшін тұрақты жұмыс орындары мен бос қызмет орындарын пайдалануға болмайды.

3) жұмысты толық емес жұмыс күні жағдайында және икемді график

бойынша үйымдастыру мұмкіндігі болады;

4) аймақ үшін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық пайдасы болады;

5) арнаулы білімі жоқ адамдардың уақытша жұмысқа орналасуына мүмкіндік береді.

7. Конкурсқа қатысушы өзінің конкурстық өтінімінде алдын ала кәсіби даярлықты талап етпейтін жұмыстардың көлемін (санын) және қоғамдық жұмыстарға тартылатын жұмыссыздар санын міндетті түрде көрсетеді.

8. Конкурсты үйымдастыруши конкурс жеңімпазымен шарт жасасқан кезде шартта қоғамдық жұмыстардың құнын жеке жолға жазып көрсетеді.

9. Конкурсты үйымдастыруши шартты тіркеген құннен бастап бес жұмыс құні ішінде аумағында жұмыстар орындалатын облыстың (қаланың) жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органына қоғамдық жұмыстардың құнын, қоғамдық жұмыстарға жатқызылған жұмыстардың тізбесін және жасалған шарттар туралы хабарлайды.

10. Қоғамдық жұмыстарды өзінің жеке қаражаты есебінен, өзінде үйымдастыруға тілек білдірген жұмыс берушілер жергілікті атқарушы органдарға өтінім береді.

11. Жергілікті бюджет есебінен төленетін қоғамдық жұмыспен қамтылған жұмыссыздарға еңбекақы төлеу тиісті жылға арналған Республикалық бюджет туралы Занда анықталған ең төменгі еңбекақының 1,0 еселенген мөлшерінде, орындалатын жұмыстың санына, сапасына, күрделілігіне қарай белгіленеді.

12. Қоғамдық жұмыстарға қатысқаны үшін жұмыссыздарға есептелген жалақыға заңнамада белгіленген тәртіппен салық салынады және қамту уәкілетті органдарының тапсырысына сәйкес жұмыссыздық жеке шотына аударылады.

13. Қоғамдық жұмыстарға қатысушы жұмыссыздарға уақытша жұмысқа жарамсыздығы, жарақаттануынан немесе денсаулығының өзге де зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі әлеуметтік жәрдемақы төлеуді қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес жұмыс беруші жүргізеді.

14. Жұмыс беруші :

1) үйымның таратылуына, адам санының немесе штаттың қысқартылуына байланысты алдағы уақытта қызметкерлердің жұмыстан босайтыны, босатылатын қызметкерлердің жұмыстан босайтыны, босатылатын қызметкерлердің қызметтері мен кәсіптері, мамандықтары, біліктілігі және еңбекақы мөлшері көрсетіле отырып, босатылуы мүмкін қызметкерлердің саны мен санаттары туралы және олар босатылатын мерзімдер туралы жұмыстан босату басталардан кемінде бір ай бүрын уәкілетті органға толық көлемде ақпарат беруге ;

2) бос жұмыс орындары (бос қызметтер) пайда болған құннен бастап үш жұмыс құні ішінде олар туралы уәкілетті органға мәлімет жіберуге;

3) уәекілетті орган берген жолдамаға тиісті белгі қою арқылы жұмысқа қабылдау немесе жұмысқа қабылдаудан бас тарту себебін көрсете отырып, ол туралы дер кезінде (уәекілетті орган оған азаматтарды жіберген күннен бастап бес жұмыс **күні** ішінде) **хабарлауға**;

4) мүгедектер үшін жұмыс орындарының белгіленген квотасын орындауға;

5) уәекілетті органға алған мамандығы мен біліктілігін көрсете отырып, кәсіптік даярлықтан, қайта даярлықтан және өндірісішілік оқытудан өткен адамдардың саны туралы мәліметтер беруге міндетті.

15. Жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәекілетті орган жұмыссыздарды ұйымдардағы қоғамдық жұмыстарға жіберуді жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша жүзеге асырады.

16. Жұмыссыздарды қоғамдық жұмыстарға жіберуді жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәекілетті орган тіркелу күніне сәйкес кезектілік тәртібімен жүзеге асырады.

17. Мақсатты топтарға кіретін жұмыссыздардың қоғамдық жұмыстарға басым тәртіппен қатысуға құқығы бар.

18. Жұмыс беруші мен қоғамдық жұмыстарға қатысатын жұмыссыз арасында енбек туралы заңнамаға сәйкес жеке енбек шарты жасалады.

19. Уәекілетті орган жұмыссызыды мынадай жағдайларда:

1) лайықты жұмыстың ұсынылған екі түрінен жазбаша түрде бас тартқанда;

2) уәекілетті орган жолдама берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде дәлелсіз себептермен ұсынылған жұмысқа орналасу немесе оқу орнына **келемегендे**;

3) шақыру бойынша жұмысқа, оқуға жолдама алу үшін екі жұмыс күні ішінде дәлелсіз себептермен уәекілетті органға келмегенде;

4) жұмыссыз уәекілетті органның жолдамасы бойынша қоғамдық жұмысқа қатысады немесе окуды дәлелсіз себептермен өз бетінше тоқтатқанда;

5) жұмыссыздар уәекілетті органға келіп тұру мерзімдерін дәлелсіз себептермен **бұзғанда**;

6) тұрғылықты жері өзгергенде;

7) жұмыспен қамтылғандар санатына жатқызылғанда;

8) жұмыссыз бас бостандығынан айыру түріндегі жазамен сотталғанда не сот шешімі бойынша мәжбүрлеп емдеуге жіберілгенде;

9) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зейнетақы тағайындалғанда, есептен шығарады.

20. 19 тармақтың 1) – 6) тармақшаларына сәйкес есептен шығарылған жұмыссыздар есептен шықкан күннен бастап отыз күнтізбелік күн өткен соң ғана уәекілетті органға қайтадан тіркеле алады.

21. Қоғамдық жұмыстарға қатысады дәлелсіз себептермен, өз бетінше тоқтатқан жұмыссыздар жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органда қайтадан тіркелген күннен бастап үш ай өткеннен кейін ғана қоғамдық жұмыстарға қайтадан жіберілуі мүмкін.

22. Ақылы қоғамдық жұмыста жүрген азamatқа жұмыс беруші өз қаражаты есебінен қосымша ақы төлей алады.

23. Ақылы қоғамдық жұмысқа материалдық жауапкершілігі бар жұмыстар жатпайды.

24. Жұмыс беруші ақылы қоғамдық жұмысқа жіберілген жұмыссыз азаматты жолдамасында көрсетілген жұмыс түрінен басқа жұмысқа пайдалануға құқысыз.

25. Қоғамдық жұмысты қаржыландыру жергілікті бюджетке осы мақсатқа қалған қаржы есебінен жүргізіледі.

26. Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастырып отырған кәсіпорын жергілікті уәкілетті органдарға әр айдың 25-күніне дейін өткен ай үшін белгіленген заңнама тәртібінде есеп береді (жұмыс уақыты есебінің табелі, атқарылған жұмыстардың актілері).

27. Жергілікті уәкілетті органдар ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізетін кәсіпорындар есептерін тексеріп, қаржыландыруға қажетті қаржының көлемін анықтап, аудандық қаржы беліміне әр айдың 25-негін тапсырыс жолдайды.

28. Жұмыспен қамту жөніндегі уәкілетті орган қоғамдық жұмыстарды
ұйымдастыраң көзде:

1) қоғамдық жұмыстарға қатысушы жұмыссыздарды есепке алууды жүзеге а с ы р а д ы ;

2) статистика жөніндегі мемлекеттік орган белгіленген нысан бойынша қоғамдық жұмыстар жөнінде айлық, тоқсандық, жарты жылдық статистикалық есептерді жүргіздеді;

3) белгіленген мерзімде жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі орталық атқарушы органға қоғамдық жұмыстарды үйымдастыру жөніндегі статистикалық есептілікті ұсынады.

Аудан әкімиятының

2008 жылғы

29

ЖЕЛТОКСАНДАГЫ

N 259 қаулысына 4 косымша

Қоғамдық ақылы жұмыста жүрген бір жұмыссыз адамның енбекақысының есебі

N	Жалақы мөлшері	Есептелген еңбек ақы мөлшері	Әлеумет тік салығы	Әлеумет тік төлем	Соның ішінде			Ко-тиң лі е ақы
					Есептелген еңбекақы мөлшері	ЖЗК жарнасы 10% 5 грдан	Табыс салығы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК